# "Арнайы экономикалық аймақтар аумағында жүзеге асырылатын қызметтің басым түрлерінің тізбесін және Арнайы экономикалық аймақтар бөлінісінде қызметтің басым түрлерінің тізбесін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2024 жылғы 22 ақпандағы № 72 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 24 маусымдағы № 225 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 26 маусымда № 36330 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Арнайы экономикалық аймақтар аумағында жүзеге асырылатын қызметтің басым түрлерінің тізбесін және Арнайы экономикалық аймақтар бөлінісінде қызметтің басым түрлерінің тізбесін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34030 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2024 жылғы 22 ақпандағы № 72 бұйрығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Арнайы экономикалық аймақтар бөлінісінде қызметтің басым түрлерінің тізбесіне:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. "Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағы:

1) тұрмыстық электр аспаптарын өндіру;

2) былғары және оған жататын өнімдер өндірісі;

3) химия өнеркәсібі өнімдерін өндіру;

4) резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіру;

5) өзге де металл емес минералды өнімдер өндірісі;

6) металлургия өнеркәсібі;

7) дайын металл бұйымдарын өндіру;

8) машиналар мен жабдықтар өндірісі;

9) мұнай-химия өнімдерін өндіру;

10) негізгі фармацевтикалық өнімдер мен препараттар өндірісі;

11) қойма шаруашылығы және қосалқы көлік қызметі;

12) электр қозғалтқыштарын, генераторларды, трансформаторларды, электр тарату және бақылау аппаратурасын өндіру;

13) электр өткізгіштер мен электр өткізгіш аспаптарды өндіру;

14) жобалау-сметалық құжаттама шегінде қызметтің басым түрлерін жүзеге асыруға тікелей арналған объектілерді салу және пайдалануға беру;

15) деректерді өңдеу, қосымшаларды (қолданбалы бағдарламаларды) орналастыру және осыған байланысты қызмет; веб-порталдардың қызметі;

16) аквамәдениет;

17) жылу электр станцияларының электр энергиясын өндіруі;

18) электр энергиясын беру;

19) электр энергиясын бөлу;

20) тұрғын және тұрғын емес ғимараттар салу;

21) қонақүйлермен және тұру үшін ұқсас орындармен қызметтер көрсету;

22) меншікті немесе жалға берілетін жылжымайтын мүлікті жалға беру және басқару;

23) демалыс пен ойын-сауықты ұйымдастыру жөніндегі қызмет;

24) көп бейінді аурухана салу және пайдалануға беру.

25) ғимараттар құрылысы;

26) азаматтық құрылыс;

27) мамандандырылған құрылыс жұмыстары;

28) объектілерге кешенді қызмет көрсету;

29) аумақтарды абаттандыру бойынша қызмет;

30) санаториялық-курорттық ұйымдардың қызметі;

3-тармақтың 25), 26), 27), 28), 29), 30) тармақшаларының қолданылуы тек қана Кендірлі курорттық аймағының аумағына ғана таралады;

31) машиналар мен жабдықтарды жөндеу және орнату;

32) электр жабдықтарын өндіру;

33) қағаз және қағаз өнімдерін өндіру;

34) компьютерлер, электрондық және оптикалық жабдықтар өндіру;

35) киім өндіру;

36) жиһаз өндіру;

37) жиһаздан басқа, ағаш және тығын бұйымдарын өндіру; сабаннан және тоқуға арналған материалдардан жасалған бұйымдар өндіру;

38) тоқыма бұйымдарын өндіру;

39) кемелер мен қайықтарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету;

40) әуе және ғарыштық ұшу аппараттарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету ;

41) суды жинау, өңдеу және тарату;

42) автомобильдер, тіркемелер және жартылай тіркемелер өндіру;

43) басқа көлік құралдарын өндіру;

44) медициналық және стоматологиялық құралдар мен керек-жарақтарды өндіру;

45) теңіз және су жағасындағы жүк көлігінің қызметі.".

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Өнеркәсіптік инфрақұрылымды және елішілік құндылықты дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрі* — *Е. Нагаспаев*

"КЕЛІСІЛГЕН"
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛГЕН"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК